

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ
АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение

«ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР
ИНФОРМАТИЗАЦИИ И
ПРОЕКТИРОВАНИЯ В
ОБРАЗОВАНИИ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

13.05.2025 № 47

Орал к.

ПРИКАЗ

№

г. Уральск

«My robot» облыстық байқауын өткізу туралы

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2025 жылғы 6 сәуірдегі №424 бұйрығына сәйкес 10-18 жас аралығындағы оқушылардың роботты құрастыру және бағдарламалау бағытында дарынды оқушыларды анықтау және қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 21 мамыр күні «My robot» облыстық байқауын өткізілсін.
2. Байқаудың ережесі, ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасының құрамы мен шығындар сметасы бекітілсін (1,2,3,4-ші қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері, облыстық мектептер:
 - аудандық (қалалық) мектепшілік кезеңдерін өткізсін;
 - қатысушылардың облыстық кезеңге қатысуын қамтамасыз етсін.
4. Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығы (А.Бижанов) байқауды ұйымдастыруды, өткізуді және облыстық кезеңге қатысушыларға эксперттік бағалау мен марапаттауды қамтамасыз етсін.
5. ОББАЖЖО ақпараттық әдістемелік бөлімі (Д.Утегалиева) облыстық байқауды ұйымдастыруды, өткізуді және облыстық кезеңге қатысушыларға эксперттік бағалау мен марапаттауды, орталықтың есеп бөлімі (Ж.Гайпназарова) шығындар сметасына сәйкес қаржыландыруын қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Облыстық білім беруді ақпараттандыру және жобалау орталығының орынбасары А.Еркамешеваға жүктелсін.

Орталық директоры



А.Бижанов

«My robot» облыстық байқауы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1.Осы Ереже «My robot» облыстық байқауының өткізілу міндеттері мен тәртібін анықтайды.

1.2.Байқауды облыстық білім беруді ақпараттандыру орталығы ұйымдастырады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1.Роботты құрастыру және бағдарламалау бағытында дарынды оқушыларды анықтау және қолдау көрсету.

2.2.Білім саласында ғылым мен технологияның дамуына орай, оқушыларды ғылыми ізденіспен айналысуға дағдыландыру.

2.3.Облыстың білім беру ұйымдарында «Роботты техника» курсын оқытудың жүзеге асырылуын бақылау.

2.4.Роботты техника бойынша дарынды балалардың шығармашылық ортасын қалыптастыру.

3. Байқауға қатысушылар

3.1.Байқауға жалпы білім беретін мектептердің 10-18 жас аралығындағы оқушылар қатыса алады. Қосымша білім беру ұйымдары қатыстырылмайды.

3.2.Әр ауданнан (қаладан), облыстық мектептен әр категория бойынша бір команда қатыса алады.

3.3.«My robot» байқауы командалық жарыс. Команда бір жетекші және екі команда мүшесінен тұрады. Бір жетекші бірнеше команданы басқара алады. Бір команда (2 адамнан тұратын) тек бір категория бойынша қатыса алады. Байқауда роботты оқушылардың өздері ұсынады. Жетекшінің роботты ұсыну құқығы жоқ.

3.4.Әр команда өзіне қажетті құрал-жабдықтарды өзі қамтамасыз етеді (тоққа қосу фильтрі, қажетті бағдарламасы орнатылған ноутбук, қажетті материалдар - робот, бағдарламасы бар диск, қажетті детальдар, батарея, аккумуляторлар артық қорымен және т.с.с.). Бағдарламалау тілі – шектеусіз.

4. Байқаудың өткізілу уақыты мен тәртібі

4.1.Байқауды өткізу бойынша ақпарат.

4.2.Байқау 2025 жылғы 21 мамыр өткізіледі. Өтетін орны қосымша хабарланады. Қатысушыларды тіркеу сағат 9.00-9.30-да жүргізіледі.

4.3.Байқау келесі категориялар бойынша өткізіледі:

- **«Инновациялық роботтар» категориясы:** 14-18 жас аралығында;
- **«Көкпар» категориясы:** 14 – 18 жас аралығында;
- **«Арқан тартыс» категориясы:** 10 – 13 жас аралығында;
- **«Теңге алу» категориясы:** 10 – 13 жас аралығында;

4.4. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің информатика пәні әдіскерлері, облыстық мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары 2025 жылдың 16 мамырына дейін көрсетілген үлгіге сәйкес bkociso@mail.kz электронды адресіне сұраныстарын жолдаулары қажет.

5. Роботтардың байқауға қатысу регламенті (ережеге қосымша тіркелді)

5.1. Роботтардың «**Инновациялық роботтар**» категориясының регламенті.

5.2. Роботтардың «**Көкпар**» категориясының регламенті.

5.3. Роботтардың «**Арқан тартыс**» категориясының регламенті.

5.4. Роботтардың «**Теңге алу**» категориясының регламенті.

6. Байқау қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Байқау қорытындыларын қазылар алқасы шығарады.

6.2. Облыстық байқаудың жеңімпаздары үшін әр категория бойынша 3 жүлделі орын белгіленеді:

I орын;

II орын;

III орын.

Сонымен бірге, қазылар алқасының шешімімен қосымша номинациялар тағайындалады.

6.3. Байқау жеңімпаздары облыстық білім басқармасының дипломдары және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

7. Байқауды қаржыландыру

7.1. Облыстық кезеңді ұйымдастыруға және өткізуге кететін шығындар бекітілген сметаға сәйкес облыстық білім беруді ақпараттандыру орталығының есебінен жүзеге асырылады.

e-mail: bkociso@mail.kz – ұйымдастыру комитеті
Орал қаласы, С.Есқалиев көшесі, 72 үй, 106 кабинет.
Байланыс телефоны: 26-04-64,

Облыстық білім беруді
ақпараттандыру және
жобалау орталығының
директоры
А.М.Бижановқа

Сұраныс

№	Аудан	Мектеп	Команда атауы	Категориясы	Оқушының аты-жөні толығымен	Жасы	Жетекшінің аты-жөні толығымен	Жетекшінің телефон нөмірі

Аудандық (қалалық) білім беру бөлімінің басшысы: / /
МӨ